

Су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкаларын бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 286/42-IV Шешімі.
Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 612 болып енгізілді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынған материалдарын қарап, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 5) тармағына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі)» Кодексінің 487-бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы бойынша су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкалары қоса бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы № 144/18-III «Су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 20 маусымда № 393 болып тіркелген, 2005 жылғы 26 маусымда № 85 «Астана хабары», 2005 жылғы 30 маусымда № 98 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А с т а н а қ а л а с ы
мәслихатының сессия төрағасы А. Бұлашев

А с т а н а қ а л а с ы
мәслихатының хатшысы В. Редкокашин

К е л і с і л г е н :

А с т а н а қ а л а с ы н ы ң Т а б и ғ и
р е с у р с т а р ж әне т а б и ғ а т т ы
п а й д а л а н у д ы р е т т е у

басқармасының бастығы М. Иргибаев

А с т а н а қ а л а с ы мәслихатының
2009 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 286/42-IV шешіміне

қосымша

Астана қаласы бойынша су бетіндегі ресурс көздерін пайдалану үшін төлем ставкалары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 24.06.2015 № 383/54-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Арнайы су пайдалану түрі	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер теңге/1000 тек.м.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде теңге/1000 тек.м.	Ауыл шаруашылығы, теңге/1000 тек.м.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын, тоған шаруашылықтары, теңге/1000 тек.м.	Су энергетика, теңге/1000 кВт.сағ.	Су көлігі теңге/1000 т. км.
1.	Есіл өзенінің бассейні	61	169	48	48	17	5
2.	Нұра өзенінің бассейні	68	194	56	53	-	-

мәслихатының хатшысы

А с т а н а қ а л а с ы
В. Редкокашин